

© КОЛЛЕКТИВ АВТОРОВ, 2018

УДК 613.95

Ж. К. Шайхина, Г. Н. Талиева, Г. А. Бакарамова

«АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ГИГИЕНАСЫ» ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДІ ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Қарағанды мемлекеттік медицина университеті эпидемиология және еңбек гигиенасы кафедрасы (Қарағанды, Қазақстан)

Мақалада «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығына арналған «Арнайы білім беру мекемелерінің гигиенасы» элективті пәні жұмыс бағдарламасына талдау ұсынылған. Жұмыс бағдарламасында Дублинді дескрипторға сәйкес оқытудың соңғы нәтижесін жүйелендіру, оқытудың мақсаты мен міндеттері анық қалыптастырылған. Кафедра оқытушылары студенттерді арнайы білім беру мекемелеріне апарып, сабак жүргізеді.

Кілт сөздер: білім беру бағдарламасы, арнайы білім беру, қоғамдық денсаулық сақтау, элективті пән.

Заманауи жоғарғы оқу орындарында негізгі құжат білім берудің (жұмыс) бағдарламасы болып табылады, онда мамандықтың пәннің құрылымдық мазмұны - қысқаша, ықшамдалған түрде көрсетіледі және де пәннің мақсаты, міндеті, соңғы қорытындысы, оқу жұмысының формасы, сонымен қатар қойылған мақсаттардың қол жетімділігін бағалау үшін, бақылау-өлшеуіш құралдары арқылы іске асырылады [2, 3].

«Арнайы білім беру мекемелерінің гигиенасы» элективті пәні – студенттерді білім беру мекемесінде интегрирленген оқыту пәні арқылы жүйеленген ғылыми білім мен әдістерді қолданып, дene дамуында тua біткен және жүре пайда болған ақауы бар, психикалық дамуы кешеуілдеген балалардың білім алып, қоғамда әлеуметтенуіне мүмкіндік беруіне оқытады.

Арнайы білім беру мекемелерінің гигиенасы ғылым ретінде әлеуметтік арнайы жағдайда балалардың тua біткен және жүре пайда болған ақаулары болғанда, денсаулық жағдайын жақсартып қалыптастыруда, психикалық дамуы кешеуілдегенде барлық балаларға, жасөспірімдерге, жастарға шамасына қарай білім алуына мүмкіндік беретін, көсіби білім мен әлеуметтік ортаға бейімдеу болып табылады.

Адамның денсаулығын заманауи көзқарас және денсаулық факторлары мен өмір сүру ортасының жағдайы бойынша анықтайды. Индивиддүмдердің қоғамда әлеуметтенуі (институттар, агенттер, турлері) олардың мақсаты, білім беру мекемелерінде коррекциондық қалыптастырудың мақсаттарын, инклюзивті оқыту ерекше қажеттілікті талап ететін балаларға арналған қолжетімді білімін, оларда салауатты өмір салтын қалыптастыруын, оларда ойлау қабілеті мен дene дамуында ақаулар болған жағдайда денсаулық жағдайын жақсар-

тудың тәсілдері мен жолдарын, әдістерін бағалайды [1].

Пәннің мақсаты студенттерде балалар мен жасөспірімдер және жастардың денсаулығын сақтап, нығайтумен денсаулықтың заңдылықтары туралы білімін қалыптастыру болып табылады.

Оқытудың міндеттері: - жекелей деңгейде денсаулықты бағалау және диагностикалаудың әдістемесін зерделеу; - ақыл – ой және физикалық дамуында бұзылыстары бар (арнайы қажетті) балалар мен жасөспірім-дердің денсаулығын сақтау және қорғау үшін қоршалған орта факторларының қолайлы әсерін қолдануын үйрету; - денсаулығында ақаулары бар балалар мен жасөспірімдер және жастар арасында салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру бағытында іс шаралар жүргізу және өндеудің базалық принциптерін білу; - коррекционды тәрбие – білім беру мекемесінде балалар мен жасөспірімдердің келіп - кету және білім алу жағдайын бағалау.

«Арнайы білім беру мекемелерінің гигиенасы» элективті пәнді оқыту, Жұмыс бағдарламасы 5B110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша, оқу сағатының жалпы көлемі 180, кредит саны 4, оның ішінде дәріске 4 сағат, тәжірибелік сабакқа 56 сағат, оқытушының жетекшілігімен өзіндік жұмысқа 60 сағат және өзіндік жұмысқа 60 сағат бойынша жүргізіледі.

Жұмыс бағдарламасында оқытудың мақсаттары мен міндеттері компетенттіліктің контекстісіне қол жеткізу үшін айқын көрсетілген. Дублин дескрипторына сәйкес оқытудың ақырғы нәтижесі жүйеленген. «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығының оқу процесінің мәселесін анықтауда компетенттілік белсенді енгізіледі.

Пән бойынша оқытудың соңғы нәтижесі болып, Дублин дескрипторы бойынша: элективті пән оқытушының оқыту жағдайын жағдайын жақсар-

Медицинское и фармацевтическое образование

тивті пәннің «Арнайы білім беру мекемелерінің гигиенасы» негізгі мақсаттары мен міндеттерін тізбелеу. Осы пән бойынша денсаулығында ауытқуы бар балалар мен жасөспірімдерге білім берудің және тәрбиелеудің теориялық негізін білу; - инклюзивті білім беруде, оқутәрбиелеуге өндірістік ортаның әртүрлі факторларының балалар организмне әсер етуін сипаттау үшін, санитарлық-гигиеналық бақылау әдісін қолдану; - туа және жүре пайда болған ақаулары бар, психикалық дамуы кешеуленген балаларды оқыту үшін, мүмкіндігін және дайындық жағдайын бағалау, оларға санитарлық-гигиеналық ұсыныс және кешенді сауықтыру шараларын ұсыну; - зерделеу саласында ақпаратты жинау және талдау, баяндама жасау, оз ойын толығымен қалыптастыру; - берілген ақпарат, оны шешу жолдары бойынша баяндама жасау. Арнайы оқу, анықтамалық және ғылыми ақпараттардың қажетті көздерін таңдал алу. Иріктелген көздерді талдау.

Пәннің пререквизиттері жалпы гигиена, анатомия, физиология, тәуекел және денсаулық факторлары, қоғамдық денсаулық болып табылады. Постреквизиттер – магистратура пәндері.

Оқытушының жетекшілігімен студенттердің өзіндік жұмыстарының тақырыптық жоспарына сәйкес студенттер Қазақстан Республикасындағы азаматтардың мүгедектік және науқастану жағдайындағы әлеуметтік қамтамасыз етілу құқықтарын, Қазақстан Республикасында тегін медициналық көмек, тегін орта білім алуға кепіл беретін нормативті және заңнамалық құжаттарды, балалар мен жасөспірімдердің өсуі мен дамуындағы негізгі заңдылықтарды, олардың мәнін мағыналарын, денсаулықтың анықтамасын, балалар мен жасөспірімдердің денсаулық жағдайын бағалаудың принциптерін, балалардың денсаулығының әлеуметтік гигиеналық аспектлерін, психикалық денсаулық, балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын бағалаудың критерийлерін және әдістерін оқиды [1].

Арнайы білім беру мекемелерінің гигиенасы элективті пәнін оқу барысында студенттер өзіндік жұмысын тақырыптық жоспар бойынша әдебиетпен жұмыс жасау, реферат жазу, презентация дайындау және қорғау арқылы бағаланады. Студенттер өзіндік жұмыстарын тақырыптық жоспарына академиялық сабактарға енбекен тақырыптар беріледі. Атап айтқанда, жазу үлгісі мен ауызша сөйлеуінде ақауы бар балаларға арналған логопедтік пункт. Мүмкіншілігі шектеулі бала-

лар мен жасөспірімдерге арналған оқалту (реабилитационный) орталықтары. Есту мүшесінде ауытқуы бар балаларға арналған коррекциондық мектептер (нашар еститін, керен, мылқау). Нашар көретін және зағип балаларға арналған коррекциондық мектептер. Сөйлеуінде ақауы бар балаларға арналған коррекциондық мектептер.

Арнайы білім беру мекемелерінің гигиенасы элективті пәні бойынша дәрістер шолу және мәселелік түрінде болады. Тәжірибелік сабактар, жағдайлық есептерді шешу, TBL командалы-хабардар оқыту (TEAM – BASID EARNING) түрлерінде өткізіледі [4].

Оқытушылардың жетекшілігімен студенттердің өзіндік жұмысы 4 кредит бойынша тапсырмаларды орындау: жағдайлық есептерді шешу, сұрақтарға жауап беру, баяндамаларды дайындау, әдістемелерді менгеру, жеке және топтық тапсырмаларды орындау нәтижесін талқылау.

Студенттердің өзіндік жұмысы оқу-әдістемелік және ұсыныстармен жұмыс жасау, реферат, презентациялар дайындау, компьютерлік модельдермен және бағдарламалармен, Интернеттің электрондық базасының мәліметтерімен жұмыс жасау.

Білім алушылардың білімдері мен дағдыларын бағалау әдістері

Пән бойынша ағымды бақылау: жазбаша/ауызша сұрау, жағдайлық есептерді шешу, орындалған тапсырмалардың нәтижесін безендіруін тексеру, кіші топтарда жұмыс жасау барысында өзін және топтық бағалау. Пән бойынша аралық бақылау: жазбаша тестілеу. Пән бойынша қорытынды бақылау: ауызша емтихан.

Пән бойынша оқу процесінің ақпараттық базасы осы пәннің денгейін менгеруге сәйкес келеді және пәннің оқу әдістемелік кешенін қамтиды: жұмыс бағдарламаларын, силлабус, дәрістер, тәжірибелік сабактарға арналған әдістемелік ұсыныстарды, оқытушының көмегімен студенттердің өзіндік жұмыстарына арналған әдістемелік нұсқаулар, студенттердің өзіндік жұмыстарына арналған әдістемелік нұсқаулар, бақылау өлшеу құралдары, пәнді оқу әдістемесімен қамтамасыз ету картасын.

«Арнайы білім беру мекемелерінің гигиенасы» пәні медициналық тәжірибелің әрі қарай әлеуметтік мағыналы мәселелерін зерделеуге, пән аралық сипатпен фундаментальды білімнің қалыптасұына, тәжірибелі игеру, профилактикалық медицина мен денсаулық сақтау сферасында кәсіби біліктілікті шындауға қажет және мемлекеттік санитарлық эпиде-

миологиялық қадағалаудың міндеттерін тиімді шешу мен қоғамда денсаулықты басқаруға бағытталған.

ӘДЕБИЕТ

1 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары. – ҚР Денсаулық сақтау министрлігі 2017 жылдың 16 тамызында № 611 бұйрығы.

2 Косарев И. И. Пути оптимизации учебного процесса в вузе //Сб. тез. Медицинского образования VI Общерос. конф. – М., 2015. – С. 178-199.

3 Русина Н. А. Компетентностный подход в системе высшего медицинского образования //Высшее образование в России. – 2010. – №2. – С. 101-107.

4 Сарсенбаева С. С. Медициналық жоғарғы оқу орындарындағы белсенді оқыту әдістері /С. Сарсенбаева, Ш. Х. Рамазанова,

Н. Т. Баймаханова. – Алматы, 2011. – 44 б.

REFERENCES

1 «Bilim beru ob#ektilerine қojylatyn sani-tarijalyқ-jepidemiologijalyқ talaptar» sanitarijalyқ қaғidalary. – ҚR Densaulyқ saқtau ministrligi 2017 zhyldyң 16 tamzynda № 611 býjryғы.

2 Kosarev I. I. Puti optimizacii uchebnogo processa v vuze //Sb. tez. Medicinskogo obrazovaniya VI Obshheros. konf. – M., 2015. – S. 178 -199.

3 Rusina N. A. Kompetentnostnyj podhod v sisteme vysshego medicinskogo obrazovaniya // Vysshee obrazovanie v Rossii. – 2010. – №2. – S. 101-107.

4 Sarsenbaeva S. S. Medicinalyқ zhοғарғы oқu oryndaryndaғy belsendi oқyту әdisteri /S. S.Sarsenbaeva, Sh. H. Ramazanova, N. T. Bajmahanova. – Almaty, 2011. – 44 b.

Поступила 16.05.2018

Zh. K. Shaikhina, G. N. Taliyeva, G. A. Bakaramova

PECULIARITIES OF TEACHING ELECTIVE DISCIPLINE «HYGIENE OF SPECIAL EDUCATION INSTITUTIONS»

Department of epidemiology and hygiene of labor of Karaganda state medical university (Karaganda, Kazakhstan)

The article presents an analysis of the work program for the discipline «Hygiene of special education institutions» on the specialty «Public health». The work program clearly articulates the goals and objectives of training in the context of achieving competencies, in accordance with the Dublin descriptors, the final results of training are systematized. Teachers of department conduct and acquaint students with the work of specialized institutions.

Key words: educational program, inclusive education, public health, elective discipline

Ж. К. Шайхина, Г. Н. Талиева, Г. А. Бакарамова

ОСОБЕННОСТИ ПРЕПОДАВАНИЯ ЭЛЕКТИВНОЙ ДИСЦИПЛИНЫ «АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ГИГИЕНАСЫ»

Кафедра эпидемиологии и гигиены труда Карагандинского государственного медицинского университета (Караганда, Казахстан)

В статье представлен анализ рабочей программы по дисциплине «Арнайы білім беру мекемелерінің гигиенасы» по специальности «Общественное здравоохранение». В рабочей программе четко сформулированы цели и задачи обучения в контексте достижения компетентностей в соответствии с Дублинскими дескрипторами, систематизированы конечные результаты обучения.

Ключевые слова: образовательная программа, инклюзивное обучение, общественное здравоохранение, элективная дисциплина